

## Қазақ КСР-інің кейбір заң актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының заңы 1996 жылғы 16 шілдедегі N 33-І

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Қазақстан Республикасы заңының күшіне енгізілуіне байланысты Қазақ КСР-інің мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1984 жылғы 22 наурызда қабылданған Қазақ КСР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1984 ж., N 14, қосымша); N 41, 534-құжат; 1986 ж., N 25, 242-құжат; 1987 ж., N 2, 19-құжат; N 16, 201-құжат; N 29, 356-құжат; 1988 ж., N 35, 324-құжат; 1989 ж., N 27, 208-құжат; N 49, 444-құжат; N 50-51, 458-құжат; 1990 ж., N 12-13, 114-құжат; N 25, 318-құжат; N 44, 410-құжат; N 49, 461-құжат; 1991 ж., N 25, 318-құжат; Қазақ Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 98, 100-құжаттар; N 7, 192-құжат; N 15, 380-құжат; N 16, 400-құжат; 1993 ж., N 4, 70-құжат; N 9, 222-құжат; N 20, 468, 469-құжаттар; 1994 ж., N 15, 207-құжат; 1995 ж., N 5, 41-құжат; N 8, 55-құжат; N 9-10, 64-құжат; N 15-16, 105-құжат; N 17-18, 110-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 177-құжат);

1) мынадай мазмұндағы 170-3, 170-4-баптармен толықтырылсын:

170-3-бап. Туындылардың немесе фонограммалардың даналарын сату, жалға беру және өзге де түрде заңсыз п а й д а л а н у

Туындылардың немесе фонограммалардың даналарын, егер:

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес туындылардың немесе фонограммалардың даналары контрафактілік болған,-

туындылардың немесе фонограммалардың даналарында оларды пайдаланушылар және олардың жасалған жерлері туралы жалған ақпарат, сондай-ақ тұтынушыларды шатастыруы мүмкін өзге де ақпарат көрсетілген,-

туындылардың немесе фонограммалардың даналарындағы авторлық немесе сабақтас құқықтардың иесі қойған авторлық құқықты қорғау белгісі немесе сабақтас құқықтарды қорғау белгісі жойылған не өзгертілген жағдайларда сатса, жалға берсе және коммерциялық мақсаттарға өзге де түрде заңсыз пайдаланса,-

азаматтарға - Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген үштен беске дейінгі ең төменгі жалақы мөлшері сомасында, ал лауазымды адамдарға бестен онға дейінгі ең төменгі жалақы мөлшері сомасында айыппұл салынып, туындылардың немесе фонограммалардың контрафактілік даналары тәркіленеді.

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген құқық бұзушылықтардың бірі үшін бір

жыл ішінде әкімшілік жазаға тартылған адам нақ сондай әрекеттер жасаса,-  
азаматтарға - Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген бестен онға  
дейінгі ең төменгі жалақы мөлшері сомасында, ал лауазымды адамдарға оннан  
жиырмаға дейінгі ең төменгі жалақы мөлшері сомасына айыппұл салынып,  
туындылардың немесе фонограммалардың контрафактілік даналары тәркіленеді.

Осы баптың бірінші және екінші бөліктеріне сәйкес тәркіленген туындылардың  
немесе фонограммалардың даналары жойылуға тиіс, бұған авторлық немесе сабақтас  
құқықтар иесінің өтініші бойынша оның өзіне берілген жағдайлар қосылмайды.

170-4-бап. Табыстар туралы қажетті деректер беруден бас  
тарту, сондай-ақ авторлық және сабақтас құқықтар  
объектілерін пайдалануға байланысты алынған  
табыстар туралы жалған деректер беру

Уәкілдік берілген органға табыстар туралы қажетті деректер беруден бас тартса,  
сондай-ақ авторлық және сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануға байланысты  
алынған табыстар туралы жалған деректер берсе,-

азаматтарға - құқық бұзушылық жасалған кезде Қазақстан Республикасының  
заңдарында белгіленген үштен беске дейінгі ең төменгі жалақы мөлшері сомасында, ал  
лауазымды адамдарға бестен онға дейінгі ең төменгі жалақы мөлшері сомасында  
а й ы п п ұ л с а л ы н а д ы .

Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде нақ осындай әрекеттер  
қ а й т а л а п ж а с а л с а , -

азаматтарға - Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген бестен онға  
дейінгі ең төменгі жалақы мөлшері сомасында, ал лауазымды адамдарға оннан  
жиырмаға дейінгі ең төменгі жалақы мөлшері сомасында айыппұл салынады:

2) 216-бап "170-1" деген цифрдан кейін "170-3, 170-4" деген цифрлармен  
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

3) 248-1-баптың 1-тармағы "Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті  
жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі бас басқарма мен оның аумақтық  
органдарының (193-1-бап)" деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы абзацпен  
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Қазақстан Республикасының Авторлық және сабақтас құқықтар жөніндегі  
мемлекеттік агенттігінің (170-3, 170-4-баптар)".

2. 1959 жылғы 22 шілдедегі Қазақ КСР Заңымен бекітілген Қазақ КСР-інің  
Қылмыстық кодексі (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мен Үкіметінің Жаршысы, 1959 ж., N  
22-23, 177-құжат; Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1987 ж., N 6, 66-құжат; N  
11, 120-құжат; N 18, 228-құжат; N 29, 356-құжат; N 32, 421-құжат; N 35, 445-құжат; N  
35, 446-құжат; N 41, 504-құжат; N 43, 521-құжат; N 45, 542-құжат; 1988 ж., N 15, 149-  
құжат; N 16,159-құжат; N 22, 229-құжат; N 35, 324-құжат; 1989 ж., N 16,127-құжат; N  
28, 212-құжат; N 37, 297-құжат; N 45, 364-құжат; 1990 ж., N 12-13, 114-құжат; N 22, 272

-құжат; N 44, 410-құжат; N 48, 445-құжат; N 49, 461-құжат; 1991 ж., N 25, 318-құжат; N 26, 348-құжат; N 28, 373-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 13-14, 323-құжат; N 15, 386-құжат; 1993 ж., N 17, 402-құжат; N 17, 403-құжат; N 17, 405-құжат; N 20, 469-құжат; 1994 ж., N 15, 207-құжат; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат; N 5, 41-құжат; N 5, 42-құжат; N 8, 55-құжат; N 9-10, 64-құжат; N 12, 83-құжат);

мынадай мазмұндағы 121-1-баппен толықтырылсын:

"129-1-бап. Пайда табу мақсатымен авторлық және сабақтас құқықтарды бұзу

Авторлық және сабақтас құқықтардың иелеріне ірі көлемде нұқсан келтіре отырып, пайда табу мақсатымен жасалып, авторлық құқық немесе сабақтас құқықтар объектілерін заңсыз көшірмелеу, көбейту, тарату немесе өзге де заңсыз пайдалану арқылы авторлық және сабақтас құқықтарды бұзса,-

контрафактілік даналары, сондай-ақ оларды көшірмелеуге арналған материалдары мен жабдықтары тәркіленіп, бір жылдан үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға немесе заңдарда белгіленген бес жүзден бір жарым мыңға дейінгі ең төменгі жалақы мөлшері сомасында айыппұл салуға жазаланады".

3. 1963 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақ КСР Заңымен бекітілген Қазақ КСР-інің Азаматтық кодексіндегі (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мен Үкіметінің Жаршысы, 1964 ж., N 2; Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1989 ж., N 3, 17-құжат; 1990 ж., N 22, 274-құжат; N 50, 467-құжат; 1991 ж., N 28, 373-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24, 282-құжат);

V бөлімнен 478, 479, 481, 488, 490, 492, 494, 495, 500, 501, 503-508-баптар алынып тасталсын;

Кодекске былай деп жазылсын: "478-бап. Заңды тұлғалардың авторлық құқығы (алынып тасталды);

479-бап. Ұйымдардың мезгілді және басқа шығармаларға авторлық құқығы (алынып тасталды);

481-бап. Қызмет бабындағы тапсырманы орындай ретінде жасалған шығармаға авторлық құқық (алынып тасталды);

488-бап. Шығарманы автордың келісімінсіз және авторға ақы төлемей пайдалану (алынып тасталды);

490-бап. Шығарманы автордың келісімінсіз және авторға ақы төлемей пайдалану (алынып тасталды);

492-бап. Авторлық құқықтың күшінде болу мерзімі (алынып тасталды);

494-бап. Коллективтік шығармаға авторлық құқықтың күшінде болу мерзімі (алынып тасталды);

495-бап. Ұйымға тиесілі авторлық құқықтың күшінде болу мерзімі (алынып тасталды);

500-бап. Авторлық шарт және оның үлгілері (алынып тасталды);  
501-бап. Шығарманы пайдалануға беру туралы авторлық шарттардың түрлері (алынып тасталды);  
503-бап. Үлгі авторлық шарттар (алынып тасталды);  
504-бап. Шығарманы тапсыру және мақұлдау (алынып тасталды);  
505-бап. Шарт жасалған шығарманы үшінші жақтың пайдалануына шек қою (алынып тасталды);  
506-бап. Ұйымның шығарманы пайдалану міндеті (алынып тасталды);  
507-бап. Автордың шартты бұзғаны үшін жауаптылығы (алынып тасталды);  
508-бап. Ұйымның шартты бұзғаны үшін жауаптылығы (алынып тасталды)".

Қазақстан Республикасының  
Президенті